

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/support

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз

M2BT



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1	Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары	2
	Есту қауіпсіздігі	2
	Жалпы ақпарат	2
	Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі	2
2	Сымсыз гарнитураңыз	3
	Қораптың құрамы	3
	Басқа құрылғылар	3
	Сымсыз гарнитураға шолу	3
3	Жұмысты бастау	5
	Гарнитураны зарядтау	5
	Гарнитураны ұялы телефоныңызбен жұптау	5
	Multipoint	6
4	Гарнитураны пайдалану	7
	Гарнитураны Bluetooth құрылғысына қосыңыз	7
	Қоңыраулар мен әуенді басқару	7
	Гарнитураны кию	8
	Дыбыс кабелімен пайдалану	8
5	Техникалық мәліметтер	10
6	Ескерту	11
	Сәйкестік туралы декларация	11
	Ескірген бұйымдарды және батареяны жою	11
	Сауда белгілері	12
7	Жиі қойылатын сұрақтар	13

1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Есту қауіпсіздігі



⚡ Қауіпті

- Есту қабілетіне зақым келтірмеу үшін гарнитураны жоғары дыбыс деңгейінде пайдалану уақытын шектеп, дыбыс деңгейін қауіпсіз деңгейге орнатыңыз. Дыбыс деңгейі жоғары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты қысқа болады.

Гарнитураны пайдаланған кезде төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Қолайлы дыбыс деңгейінде қолайлы уақыт аралығында тыңдаңыз.
- Есту қабілетіңіз бейімделетіндіктен дыбыс деңгейін жоғары деңгейге үздіксіз реттемеңіз.
- Дыбыс деңгейін қатты ашпаңыз, айналаңыздағыны ести алмай қаласыз.
- Ықтимал қауіпті жағдайларда мұқият болыңыз немесе уақытша пайдаланбаңыз.
- Құлақаспаптардан немесе гарнитурадан шамадан тыс дыбыс қысымы есту қабілетін жоғалтуға алып келуі мүмкін.
- Көлікті жүргізу кезінде екі құлақты гарнитурамен жабуға кеңес берілмейді және жүргізу кезінде кейбір аймақтарда заңсыз болуы мүмкін.
- Қауіпсіздігіңіз үшін көлікте немесе басқа да ықтимал қауіпті орталарда әуенге немесе ұялы телефонға алаң болмаңыз.

Жалпы ақпарат

Зақымды немесе ақаулықты болдырмау үшін:

! Ескерту

- Гарнитураны аса қыздырмау қажет.
- Гарнитураны түсіріп алмаңыз.
- Гарнитураға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Гарнитураның суға батуына жол бермеңіз.
- Құрамында алкоголь, аммиак, бензин немесе зімпара бар тазалау құралдарын пайдаланбаңыз.
- Егер тазалау қажет болса, өнімді тазалау үшін жұмсақ, қажет болса, аз мөлшердегі сумен дымқылданған немесе сабынға малынған мата пайдаланыңыз.
- Кірістірілген батарея күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.

Жұмыс істеу және сақтау температурасы мен ылғалдылығы туралы

- Температурасы -15°C (5°F) және 55°C (131°F) арасындағы жерде іске қосыңыз немесе сақтаңыз (90 %-ға дейін салыстырмалы ылғалдылық).
- Батареяның жұмыс уақыты жоғары немесе төмен температура жағдайларында қысқаруы мүмкін.

Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі


Бұл өнім электромагниттік өрістерге қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді.

2 Сымсыз гарнитураңыз

Сатып алынған зат құтты болсын және Philips қож келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

Осы Philips сымсыз гарнитурасымен келесі әрекеттерді орындауға болады:

- қолайлы сымсыз хэндсфри қоңыраулары мүмкіндігін пайдалану;
- сымсыз әуенді тыңдау немесе басқару;
- қоңыраулар мен әуен арасында ауысу;
- әуенді дыбыс кабелімен Bluetooth емес құрылғыларда тыңдау.



Қалта




Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы

Қораптың құрамы



Philips Bluetooth сымсыз гарнитурасы M2BT



USB зарядтау кабелі (тек зарядтау үшін)




Дыбыс кабелі

Басқа құрылғылар

Bluetooth қолдайтын және гарнитурамен үйлесімді (ақылдасу 'Техникалық мәліметтер' бет 10) ұялы телефон немесе құрылғы (мысалы, ноутбук, PDA, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқыштары және т.б.).

Сымсыз гарнитураға шолу





- ① Дыбыс кабелінің ұяшығы
- ② Micro USB зарядтау ұяшығы
- ③ Микрофон
- ④ Дыбыс деңгейін/Жолды басқару түймесі
- ⑤ Қоңырау/Әуен түймесі
- ⑥ ЖШД шамы
- ⑦ NFC анықтау аймағы

3 Жұмысты бастау

Гарнитураны зарядтау

Ескертпе

- Гарнитураны бірінші рет пайдалану алдында, ықтималды батарея сыйымдылығы мен қызмет мерзімі үшін батареяны 5 сағат зарядтаңыз.
- Зақым келтірмеу үшін тек бастапқы USB зарядтау кабелін пайдаланыңыз.
- Гарнитураны зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз, себебі гарнитураны зарядтау үшін қосу гарнитураны өшіреді.
- Гарнитураны зарядтау кезінде қалыпты күйде жұмыс істетуге болады.

Жабдықталған USB зарядтау кабелін төмендегіге қосыңыз:

- гарнитuradaғы micro USB зарядтау ұяшығы және;
 - компьютердің зарядтағыш/USB порты.
- ↳ ЖШД зарядтау кезінде ақ түске ауысады және гарнитура толықтай зарядталғанда өшеді.

Кеңес

- Әдетте, толық зарядтауға 3 сағат кетеді.
- Батарея бос болғанда, әуенді дыбыс кабелімен тыңдауға болады. Осы дыбыс кабелін пайдалану алдында гарнитураның өшірулі (және әрекетсіз режимде емес) екендігін тексеріңіз.

Гарнитураны ұялы телефоныңызбен жұптау

Гарнитураны ұялы телефонмен бірінші рет пайдалану алдында, оны ұялы телефонмен жұптаңыз. Сәтті жұптау гарнитура пен ұялы

телефон арасында бірегей шифрланған байланысты орнатады. Гарнитура соңғы 8 құрылғыны жадында сақтайды. Егер 8-ден көп құрылғыны жұптауға әрекет етсеңіз, бұрын жұпталған құрылғы жаңасымен ауыстырылады.

Гарнитураны ұялы телефонмен жұптастырудың екі жолы бар:

- Қолмен жұптастыру
- NFC жұптастыру

Қолмен жұптастыру

- 1 Гарнитураның толық зарядталғанын және өшірілгенін тексеріңіз.
- 2 Қоңырау/әуен түймесін көк және ақ ЖШД шамы кезектесіп жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
↳ Гарнитура жұптастыру режимінде 2 минут болады.
- 3 Ұялы телефон өшірілгенін және оның Bluetooth мүмкіндігі қосылғанын тексеріңіз.
- 4 Гарнитураны ұялы телефоныңызбен жұптаңыз. Толық мәліметтер алу үшін ұялы телефонның пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз.

NFC жұптастыру

- 1 Ұялы телефонның қосылғанына көз жеткізіңіз.
- 2 Гарнитураның толық зарядталғанын және өшірілгенін тексеріңіз.
- 3 Қоңырау/әуен түймесін көк және ақ ЖШД шамы кезектесіп жыпылықтағанша басып тұрыңыз.
- 4 Телефондағы NFC функциясын қосқаныңызға және телефонның экраны қосулы тұрғанына көз жеткізіңіз.
- 5 Телефонды гарнитураның үстіне қойыңыз, сонда әр құрылғының NFC анықтау аумағы бір-біріне тиіп тұрады.

- 6 Телефонның жұптау нұсқауларын орындаңыз. Егер сұралса, «0000» (4 нөл) құпия сөзін енгізіңіз.

Ескертпе

- Ұялы телефоныңызда NFC мүмкіндігінің қол жетімді және қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
- Ұялы телефоныңыздың күту режимінде тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- NFC арқылы жұптастыру Android 4.2 не одан кейінгі ұялы операциялық жүйесіне ғана қолайлы.
- NFC анықтау аумағын ұялы телефонның пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Келесі мысал гарнитураны ұялы телефонмен жұптау жолын көрсетеді.

- 1 Ұялы телефонның Bluetooth мүмкіндігін белсендіріп, Philips **Fidelio** M2BT параметрін таңдаңыз.
- 2 Егер сұралса, гарнитура құпия сөзін «0000» (4 нөл) енгізіңіз. Bluetooth 2.1+EDR немесе одан жоғары нұсқасымен жабдықталған ұялы телефондар үшін құпия сөзді енгізудің қажет жоқ.



Multipoint

Бұл гарнитуралада 2 құрылғыны бір уақытта жалғап, екеуінің арасында (ақылдасу 'Қоңыраулар мен әуенді басқару' бет 7) ауысуға мүмкіндік беретін Multipoint функциясы бар.

Жай ғана бір құрылғыда музыканы немесе бейнені кідіртпін қойып, оны екінші құрылғыда ойнатыңыз, сонда құлақаспап ойнап тұрған құрылғыға автоматты түрде жалғанады.

Телефон қоңырауын қабылдаған кезде, бірінші құрылғыдағы дыбыс екінші құрылғыда телефон қоңырауын қабылдау үшін автоматты түрде кідіріледі. Қоңырау аяқталған кезде дыбысты ойнату әрі қарай жалғасады.

4 Гарнитураны пайдалану

Гарнитураны Bluetooth құрылғысына қосыңыз

- 1 Ұялы телефонды/Bluetooth құрылғысын қосыңыз.
- 2 Гарнитураны қосу үшін қоңырау/әуен түймесін басып тұрыңыз.
 - ↳ Көк ЖШД шамы жыпылықтайды.
 - ↳ Гарнитура екі жалғанған ұялы телефондардың/Bluetooth құрылғылардың екеуіне автоматты түрде жалғанады. Егер олардың біреуі қолжетімді болмаса, гарнитура екінші соңғы жалғанған құрылғыға қайта жалғануға әрекеттенеді.



Keңес

- Гарнитураны қосқан соң ұялы телефонды/Bluetooth құрылғысын қоссаңыз немесе Bluetooth мүмкіндігін белсендірсеңіз, гарнитураны және ұялы телефонды/Bluetooth құрылғысын қолмен қайта қосу қажет болады.

Қоңыраулар мен әуенді басқару

Қоңырау/Әуен түймесі

Тапсырма	Жұмыс жасау	Дыбыс немесе ЖШД индикаторы
Гарнитураны қосу.	2 секундтай басып тұрыңыз.	<ul style="list-style-type: none">• 1 қысқа сигнал• 3 ақ жыпылық таулар: батарея деңгейі төмен < 25%• 2 ақ жыпылық таулар: батарея деңгейі < 50%• 1 көк жыпылықтау: батарея деңгейі > 50%
Гарнитураны өшіру.	4 секундтай басып тұрыңыз.	<ul style="list-style-type: none">• 1 ұзақ сигнал• 1 ұзақ ақ жыпылықтау
Әуенді ойнату немесе уақытша тоқтату.	Бір рет басыңыз.	1 қысқа сигнал
Қоңырауға жауап беру/аяқтау.	Бір рет басыңыз.	1 қысқа сигнал
Кіріс қоңырауын қабылдамау.	Басып тұрыңыз	1 қысқа сигнал
Соңғы нөмірді қайта теру.	Екі рет басыңыз	1 қысқа сигнал
Сөйлесу кезінде абонентті ауыстыру.	Екі рет басыңыз	1 ұзақ сигнал

Дыбыс деңгейін/Жолды басқару түймесі

Дыбыс деңгейін реттеу.	Жоғары/ төмен сырғыту	Қолдану мүмкін емес
Алға айналдыру.	Бір рет басыңыз	1 қысқа сигнал
Артқа айналдыру.	Екі рет басыңыз	1 қысқа сигнал
Сөйлесу кезінде микрофонды өшіру/қосу.	Бір рет басыңыз	2 қысқа сигнал



Басқа гарнитура индикаторының күйі

Гарнитура күйі	Индикатор
Гарнитура күту режимінде кезде немесе әуенді тыңдау кезінде гарнитура Bluetooth құрылғысына қосылады.	Көк ЖШД 8 секунд сайын жыпылықтайды.
Гарнитура жұптауға дайын.	ЖШД кезектесіп көк және ақ түспен жыпылықтайды.
Гарнитура қосылған, бірақ Bluetooth құрылғысына қосылмаған.	Көк ЖШД жылдам жыпылықтайды.
Кіріс қоңырауы бар.	Көк ЖШД секундына бір рет жыпылықтайды.
Батарея деңгейі төмен.	Ақ ЖШД жыпылықтайды.
Батарея толығымен зарядталды.	Ақ ЖШД өшеді.

Кеңес

- Пайдаланғаннан кейін, гарнитураны қолайлы сақтау үшін жинақтап бұрып қойыңыз.

Дыбыс кабелімен пайдалану

Ескертпе


- Bluetooth гарнитурасы дыбыс кабелін қосудан бұрын өшірілгенін тексеріңіз.

Жабдықталған дыбыс кабелімен гарнитураны Bluetooth емес құрылғылармен немесе ұшақта пайдалануға болады. Гарнитураны дыбыс кабелімен пайдаланғанда батарея қуаты қажетті емес. Жабдықталған дыбыс кабелін төмендегілерге жағаңыз:

- гарнитура және;
- сыртқы дыбыс құрылғысы.

Гарнитураны кию

Жүгенді басыңыздың өлшеміне сәйкестеу үшін лайықтаңыз.



5 Техникалық мәліметтер

- Әуен уақытының немесе сөйлесу уақытының кем дегенде 10 сағаты
- Күту уақытының кем дегенде 350 сағаты
- Толық зарядтау үшін қалыпты уақыт: 3 сағат
- Зарядталатын литий-ионды батарея (230 мАс)
- Сымды гарнитура режимі үшін 3,5 мм дыбыс ұяшығы
- Bluetooth 4.0, Bluetooth моно қолдауы (Headset Profile - HSP, Hands-Free Profile - HFP), Bluetooth стерео қолданылған (Advanced Audio Distribution Profile - A2DP; Audio Video Remote Control Profile - AVRCP)
- Жұмыс істеу ауқымы: 15 метрге дейін (50 фут)
- Саңды жаңғырық және шуды басу
- SBC, AAC және X[®] дыбысын қолдайды
- Автоматты түрде өшу



Ескертпе

- Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі.

6 Ескерту

Сәйкестік туралы декларация

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/ЕС директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.p4c.philips.com сайтынан табуыңызға болады.

Бұл өнім Еуропалық R&TTE 1999/5/ЕС директивасына сәйкес жасақталған, тексерілген және өндірілген.

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EO еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Кәсіпқой зарядталмалы батареяны алуы үшін

өнімді ресми жинау орнына немесе Philips сервистік орталығына апару ұсынылады. Электр және электрондық өнімдер мен зарядталмалы батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және өнім мен батареяларды ешқашан қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Ескі өнімдер мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.


Кірістірілген батареяны алып тастау



Ескертпе

- Батареяны алмас бұрын гарнитураның USB зарядтау кабелінен ажыратылғанын тексеріңіз.

Егер еліңізде электронды өнімдерді жинау/қайта өңдеу жүйесі жоқ болса, қоршаған ортаны гарнитураны қоқысқа тастаудан бұрын батареяны алып тастау және қайта өңдеу арқылы қорғауыңызға болады.



Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар

мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Сауда белгілері

Bluetooth

Bluetooth сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігінде және мұндай белгілерді WOOX Innovations Limited лицензияға сәйкес пайдаланады. iPhone, iPad және iPod Touch –Apple Inc. компаниясының АҚШ және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.

7 Жиі қойылатын сұрақтар

Менің Bluetooth гарнитурам қосылмайды.

Батарея деңгейі төмен. Гарнитураны зарядтаңыз.

Bluetooth гарнитурамды ұялы телефонмен жұптау мүмкін емес.

Bluetooth ажыратылған. Ұялы телефондағы Bluetooth мүмкіндігін қосыңыз немесе гарнитураны қосудан бұрын ұялы телефонды қосыңыз.

Жұптау жұмыс істемейді.

Гарнитураның жұптау режимінде екендігін тексеріңіз.

- Осы пайдаланушы нұсқаулығында (ақылдасу 'Гарнитураны ұялы телефоныңызбен жұптау' бет 5) сипатталған қадамдарды орынданңыз.
- Қосу/өшіру түймесін босатпастан бұрын ЖШД шамы көк және ақ түспен кезектесіп жыпылықтайтынын тексеріңіз. Егер көк ЖШД шамын ғана көрсеңіз, түймені басып тұруды тоқтатпаңыз.

Ұялы телефон гарнитураны таба алмайды.

- Гарнитура алдыңғы жұпталған құрылғыға қосылған болуы мүмкін. Қосылған құрылғыны өшіріңіз немесе оны ауқымнан тыс жерге жылжытыңыз.
- Жұптау қайта орнатылған болуы немесе гарнитура бұрын басқа құрылғымен жұпталған болуы мүмкін. Гарнитураны ұялы телефонмен осы пайдаланушы нұсқаулығында (ақылдасу 'Гарнитураны ұялы телефоныңызбен жұптау' бет 5) сипатталғандай жұптаңыз.

Дауысты теру немесе оқу менің ұялы телефонымда жұмыс істемейді.

Ұялы телефоныңыз бұл мүмкіндікті қолдамауы мүмкін.

Ұялы телефонда арғы жақтағы кісі мені естімейді.

Микрофон өшірілген. Микрофонды қосу үшін дыбыс деңгейін/жолды басқару түймесін басыңыз.

Bluetooth гарнитурам Bluetooth стерео қосылған ұялы телефонға қосылған, бірақ әуен ұялы телефон үндеткішінде ғана ойнайды.

Ұялы телефонның пайдаланушы нұсқаулығына жүгініңіз. Гарнитура арқылы әуенді тыңдауды таңдаңыз.

Дыбыс сапасы нашар және импульстік шуыл естіледі.

Bluetooth құрылғысы ауқымнан алшақ.

Гарнитура мен Bluetooth құрылғысы арасындағы қашықтықты қысқартыңыз немесе олардың арасындағы кедергі заттарды алып тастаңыз.

Дыбыс сапасы, ұялы телефоннан ағынмен тасымалдау өте баяу болғанда, нашар немесе дыбыстың ағынмен тасымалдауы тіптен жұмыс істемейді.

Ұялы телефоны HSP/HFP ғана емес, бірақ сонымен қатар A2DP қолдайтынын (ақылдасу 'Техникалық мәліметтер' бет 10) тексеріңіз.

Bluetooth құрылғысындағы әуенді естимін, бірақ басқара алмаймын (мыс. ойнату/ уақытша тоқтату/алға/артқа айналдыру).

Bluetooth дыбыс көзі AVRCP қолдайтынын (ақылдасу 'Техникалық мәліметтер' бет 10) тексеріңіз.

Гарнитурам дыбыс кабелі жалғанғанда жұмыс істемейді.

Микрофон функциясы, егер гарнитураға 3,5 мм дыбыс кабелі жалғанған болса ажыратылады. Мұндай жағдайда, гарнитура әуенді тыңдауға ғана арналған.

Басқа бір телефонда белсенді қоңырау бар кезде iPhone құрылғымда кіріс қоңырауын қабылдағанымда, екінші телефон қоңырауында дыбыс болмайды. Не істесем болады?

Екінші телефондағы екінші қоңырауға ауысу үшін, қоңырау/әуен түймесін (ақылдасу 'Сымсыз гарнитураға шолу' бет 3) екі рет

басыңыз. Екінші қоңырау іске қосылып, бірінші қоңыраудың дыбысы өшеді.

Бірінші телефонға қайта ауысу үшін, қоңырау/әуен түймесін (ақылдасу 'Сымсыз гарнитураға шолу' бет 3) екі рет басыңыз.

Барлық бастапқы гарнитура параметрлерін қалай қалпына келтіруге болады?

Дыбыс деңгейін/жолды басқару түймесін және қоңырау/әуен түймесін ЖШД шамы ақ болып бірінен соң бірі 5 рет жыпылықтағанша басыңыз.

Болашақта қолдау алу үшін www.philips.com/support торабына кіріңіз.



2014 © WOOX Innovations Limited. Барлық құқықтары қорғалған. Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.

UM_M2BT_00_KK_V1.0
WK1435

CE 0890

